

Kazakh PTP Guidelines for Listening Skills

Listening skills in this guideline are defined by the level of the individual's ability to understand a spoken input produced by one or more speakers in the following listening activities: listening to face-to-face conversations and phone conversations; listening to media (radio and TV broadcasts); listening to public lecturers or presentations; and listening to public announcements.

Novice: this level is characterized by an ability to identify isolated words and phrases, and to understand some short utterances supported by context. The text sources can be found from the following: Public announcements & instructions, traffic information, weather forecasts, and TV/radio commercials.

Novice 1

- The listener can understand short utterances including simple questions and statements about personal background, routine tasks, and simple instructions and directions that are often particularly when they are spoken slowly and clearly articulated.

Атыңыз кім болады? *What is your name?*

Менің атым Мәдинә. *My name is Madina.*

Қай жылы туылдыңыз? *When you were born?*

Мен 1988 жылы тудым. *She was born in 1988.*

Қайдан боласыз? *Where are you from?*

Мен Талдықорғаннанмын. *I am from Taldykorgan.*

Маған көмек бере аласыз ба? *I wonder could you help me?*

Сіздің көмегіңіз қажет. *I need your help.*

Бұл автобус қайда барады? *Where does this bus go?*

Бұл автобус Алматыға барады. *This bus goes to Almaty.*

Қонақүйдің қасында автобус бекеті бар. *There is a bus station near a hotel.*

Repetition, rephrasing, or a slowed rate of speech is often requested for comprehension.

Novice 2

- The listener can understand longer sentence-length utterances and some short paragraph-length utterances, in face-to-face conversations and short phone conversations that are clearly articulated.
- Limited knowledge in vocabulary and grammar often results in misunderstanding of aural texts at this level.
- The listener can follow monologue text with a clear internal structural.

- The listener can catch the main points in short and clear announcements and to extract specific information from a short and clear aural input dealing with everyday matters (i.e., weather forecast, traffic report and etc.)

Сіздерді наурыз мекересіне шақырамыз. We are inviting you to Nauryz celebration.

Концерт 19 сәуірде кешкі сағат 6:00-да басталады.

The concert will start at 6 pm on 19 April.

Ауа райы болжамы бойынша. *According to weather forecast information.*

Ертең ауа райы өзгереді. *Tomorrow the weather is going to change.*

22 маусымда жаңбыр жауады. *It is going to rain on 22 July.*

Күзде ауа-райы көбінесе бұлтты. *The weather in fall is usually cloudy.*

Кеше ауа-райы салқын болды. *The weather was chilly yesterday.*

Intermediate: this level is characterized by the listener's ability to understand factual information and main ideas from paragraph-length aural texts delivered in an articulated manner. Lectures, presentations, and news broadcasts can be example text sources.

Intermediate 1

- The listener can identify main ideas and supporting details from short stretches of narrative and descriptive discourse about current events and everyday matters spoken at a normal rate.
- The subject matter in the aural texts is familiar to the listeners and clearly structured at this level. (i.e., interviews, short lectures on familiar topics, and news reports about factual information)
- Limited vocabulary of the listeners results in frequent request of repetition or rephrasing.

2017 жылы базалық зейнетақы тағайындау тәртібі өзгереді - деп хабарлайды денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жақыпова. According to report of Vice-President for Health and Social care Svetlana Zhakupova, in 2017 the primary pension policy will change.

Светлана Жақыпованың айтуынша, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметкерлердің зейнетақысын реформалау көзделеді.

According to her report, due to necessity to renew a pension policy from January 2016 employees' pension is going to have a reform.

Information based on the following website

http://www.kt.kz/kaz/president/2017_zhilgi_1_shildedden_bazalik_zejnetaki_ta_gajindau_tartibi_ozgeredi_1153600670.html

Intermediate 2

- The listener can identify main ideas and supporting details from longer stretches discourse, including abstract and technical discussions.
- The listener may not be able to understand longer texts that are syntactically and lexically complex.
- The listener may not fully understand culturally implied meanings (connotations) beyond the surface-level meanings (denotations).

Қарағанды облысында су тасқыны салдарынан Бұқар Жырау, Нұра аудандарында көпірлер қирады, деп хабарлады аудандық әкімдіктерден. *According to administrative report bridges were broken Bukhar Zhirau and Nura regions.* Бұдан басқа, 11-13 сәуірде ауданда қардың күрт еруі салдарынан тасқын су республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар автожолдарды зақымдады.

In addition, in 11-13 April due to quick water melting the flood water damaged roads and republican, regional highways.

Бұдан бұрын хабарланғандай, Қарағанды облысында 23 наурыздан бастап 67 су тасу оқиғасы тіркелді. *As it was mentioned before, it had been registered 67 water floods since 23 of March.*

Абай, Қарқаралы, Жаңаарқа, Шет, Бұқар Жырау аудандарындағы өзен арналарында барынша күрделі жағдай қалыптасып отыр. *There is disastrous situation in the bank of the rivers as Abay, Karkaraly, Zhanarka, Shet, Bukhar Zhirau.*

1268 үй су астында қалды және 35 елді мекенді, 760 үйді су басуы мүмкін.

In fact, 1268 houses were under water and 35 villages with 1760 houses are in danger.

6500-дей адам қауіпсіз жерге көшірілді.

Approximately 6500 people were transported to safe places.

340 бас мал өлім-жітімі тіркеліп, 25 мыңнан астам мал қауіпсіз жерге жеткізілді.

340 cattle have been registered as dead and 25 thousands of cattle were transferred to safe places.

Sentences are constructed based upon information given by

<http://www.inform.kz/kaz/article/2765550>

Advanced: this level is characterized by the listener's ability to extract main ideas and detailed information from extended spoken input on a variety of topics produced at a various speed in standard (and some nonstandard dialects) dialects, and to make appropriate inferences about the aural text. TV, radio documentaries, debates, discussions, drama, shows, and movies can be used as potential text sources at this level.

Advanced 1

- The listener can identify the hierarchical level of information (i.e., the main points and relevant supporting details) from extended well-organized speech in a standard dialect.
- Insufficient target-language cultural knowledge or limited vocabulary may still interfere with complete understanding of an aural text.
- The listener can make appropriate inferences regarding the given text. The recognition of culture specific idiomatic expressions, proverbs and sayings, and register shifts begins to emerge.

Examples from teacher's presentation:

Оқыту тәжірибесін талдау бойынша есеп. Сатыбалдинова М.К.

*Тапсырмаларды балалар үшін
тартымды, қызықты және оларға
сәйкес келетіндей етіп жасау маңызды.
Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.*

Биылғы оқу жылынан бастап мен алғашқы рет бастауыш мектептің 4В сыныбының екінші тобына сабақ берудемін. Сынып маған толықтай бейтаныс еді. Ең алдымен сыныпта өзара ынтымақты атмосфера мен сенім орнатуды қажет екенін түсіндім. Оқу жылының басынан сыныпта бірқатар мәселелерді байқадым. Олар: сабақ барысында оқушылардың бір-біріне қарым-қатынасы, айталық, бірімен-бірі келіспеу, жамандау, жала жабу, сәйкесінше жұппен, топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптаспаған мәселелер орын алған болатын.

Сыныпта 9-10 жасар балалар екендігін ескере отырып, мен осы жасқа сай оқыту тәсілін қолдануға бел будым. Оқушылардың ағылшын тіліне ынтасын, қызығушылығын арттыру мақсатында мен оқытудың белсенді формалары мен қажетті грамматикалық конструкциясы бар, қозғалу әрекеттерінен құралған өлеңдерді (Action songs and rhymes, chants, riddles, limericks) кірістіруге ерекше зейін бөлдім. Ресурс ретінде Brewster, J., Ellis, G. and Girard, D. (1992). *The Primary English Teacher's Guide*. London: Penguin. pp. 85-88 + pp. 174-184 оқулығын қолдандым.

Аталған оқыту тәсілі оқушыларыммен тез арада ынтымақты қарым-қатынас орнатуға көмегін тигізді.

Оқушылармен қарым-қатынасты орнату мақсатындағы іс-әрекеттермен қатар осы сыныпта жоғарыда аталған оқушылардың бір-біріне деген қатынасын, сабақ барысында өзін-өзі ұстау реті мәселелерін шешу ауадай қажет екеніне көзім бірден жете қойды. Осыған орай, мен қысқа мерзімді жоспар құрдым, жоспардағы негізгі мақсат екі ай аралығында сыныпта оқу үдерісіне жайлы жағдай (атмосфера) және өзара ынтымақтастықты орнату, сабақта оқушылардың толықтай белсенділігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру.

Advanced 2

- The listener can comprehend discourse organization of long aural texts and understand nonstandard dialects to some degree.
- The listener can detect the speaker's attitude or values in the main topics addressed in the aural text.
- The listener can show awareness of socio-culturally implied meanings of the oral message (connotations).

President's speech on New Year's Eve:

Құрметті қазақстандықтар!

Санаулы минуттардан кейін біз жаңа жылды қарсы аламыз! Жаңа жыл – баршаға жан шуағын сыйлайтын жайдары мереке. Жыл сайын біз оны үкілі үмітпен, игі тілекпен қарсы алып, толайым табыспен шығарып саламыз. Әлемдік экономикадағы бүгінгі қиындыққа қарамастан биыл да әл-ауқатымыз арта түсті.

Өтіп бара жатқан жыл дамудың келесі кезеңіне бастайтын оқиғалармен айшықталды. Біз алдағы жылы күш-қуатымызды еселейтін ауқымды нарықтың есігін ашамыз. Бағдарымыз – белгілі, таңдауымыз – айқын, мақсатымыз – биік. Баршаға шұғыла шашатын «Нұрлы жол» бүкіл еліміздің күретамырына айналды.

Қымбатты отандастар!

Келер жыл –терең тарихымызға, құқықтық негізімізге, берекелі бірлігімізге құрмет көрсететін жыл. Ынтымағы жарасқан халқымыз осы айтулы оқиғаларды лайықты атап өтеді деп сенемін. Қазақ халқы қой түлігін ежелден құт-берекенің басы деп білген. Ендеше, алдағы Қой жылы молшылық пен ырысын ала келсін! Еліміздегі әр шаңырақтың дәулеті мен сәулеті артып, татулығымыз нығая берсін!

Recorded tourist information example (CD named Kazakh stories):

Тарихи ғажайыптар

Қазақ даласынан табылып жатқан археологиялық ескерткіштер өз ғажайыптарымен әлемді таң қалдырып келеді. Бұлардың барлығы көне тарихымыздың куәлары.

Солардың бірі Алтын Адам. Алтын Адам деген атқа ие болған ғажайып ескерткіш 1969-1970 жылдары Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік қорғанынан табылды. Оны алғаш ашып әлемге танытқан ғалым-археолог Кемел Ақышев. Бұл обаға біздің заманға дейінгі V-IV ғасырда өмір сүрген 17-18 жас шамасындағы сақ жауынгері. Сол кездегі дәстүр бойынша киімі мен тұрмыстық заттары қоса жерленген. Оның салтанатты бас киімі, бешпенті, шалбары мен етігіне дейін 200- ден астам аң, құс сипатты алтын әшекейлермен безендірілген. Қару-жарағы, сақинасы да алтын. Оның Алтын Адам аталуы да сондықтан. Сонымен қатар, алтын адам жанына қыш құмыралар, ағаш ыдыс-саяқтар тағы басқа (т.б) заттар қойылған. Соның бірі 26 таңбадан тұратын жазуы бар күміс тостаған. Оны ғылымда Есік жазуы деп атайды. Бұл ескерткіштер қазақ жерін мекендеген бабаларымыздың осыдан осыдан 2500 жыл бұрын өзіндік жазуы мен сызуы мен өркендеген мәдениетінің болғандығын дәлелдейді.